

УДК 17.07.41

**«АЙМАН-ШОЛПАН» ЖЫРЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ  
МЕН КӨРКЕМДІК КЕСТЕЛЕРІ**

**Сейсембай Т.Т.,**  
аға оқытушы, ҚМПИ,  
Қостанай қ., Қазақстан

**Аннотация**

Мақалада қазақ халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерінің бірі болып саналатын «Айман-Шолпан» жырының көркемдік сипаты, құрылымдық ерекшелігі мен поэтикалық тілі зерттелді. Лиро-эпостық жырға тән белгілері жайлы айтылған ғалымдар пікірлері жүйеленіп, жырдың көркемдік ерекшелігі, тілдік кестелері мен композициялық құрылымы талдауға түскен. Сонымен қатар жыр мазмұнындағы тарихилық, оқиға желісіндегі нәзік юмор, сатиралық сипат зерделенген. Жырдың жазылу әдісі мен образдарды жасаудағы әдеби тәсілдердің ұтымдылығы ғылыми түрде талданады.

### Аннотация

*В статье исследованы поэтический язык, особенности композиции и художественное своеобразие эпоса «Айман - Шолпан», одного из прекраснейших образцов казахского устного народного творчества. Систематизированы высказывания ученых о лиро-эпической поэме, художественных особенностях и композиционном строении. Вместе с тем в содержании эпоса рассматривается историческое развитие с легким юмором и сатирическим описанием. С научной точки зрения проанализирована важность метода написания эпоса и литературных приемов создания образов.*

### Abstract

*The article investigates poetic diction, features of composition and an art originality of the epos "Ayman-Sholpan", one of the finest models of the Kazakh folklore. The statements of scientists are systematized about the liro-epic poem, art features and a composite structure. At the same time the contents of the epos considers historical development with a light humour and the satirical description. From the scientific point of view the importance of a method of writing of the epos and literary methods of creation of images is analyzed.*

**Түйінді сөздер:** лиро-эпос, сюжет, шығарманың поэтикалық тілі, портрет, стиль.

**Ключевые слова:** лиро-эпос, сюжет, поэтический язык произведений, портрет, стиль.

**Key words:** Lyric – epic, plot, poetic language words, portrait, style.

## 1. Кіріспе.

«Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап шарқ ұрған мұңдар жолаушы – қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ ол бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті» деген екен ғұлама ғалым М. Әуезов. (Әуезов М., 1997, 3 б.).

Көшпелі халықтардың тарихына арналған очерктері мен зерттеулерінде Шоқан Уәлиханов ауызша туған жырларды бүгінгі ұрпаққа өзгеріссіз жеткізген ақындардың құйма құлақ қасиеттерін терең талдаған. «Түркі тұқымдас халықтардың ішінде ақындығы жағынан жүйрігі сірә қазақ болар», – деп өз халқының ақындық қабілетін басқа халықтардан жоғары қояды.

Қазақ халқы тудырған сөз өнерінің биік сапасын, өзіндік қасиеті мен ерекшеліктерін бағалауда Шоқан:

«Қазақтардың ежелгі жырларды, ескі аңыздарды сол күйінде өзгеріссіз сақтауы таңқаларлық, ал сол жырлардың осыншама жалпақ, шалғай даланың барлық түкпірінде бірдей, бір кітаптың көшірмесіндей сөзбе-сөз жырлануы тіпті ғажап! Осыншама керемет дәлдікке сенер-сенбесінді де білмейсің, бірақ бұл күмәні жоқ әрі мүлтіксіз шындық», – деп толғанады. (Уәлиханов Ш., 1985, 248 б.).

«Қазақ халқының өлең-жырдың құдіреттілігі мен қасиетін қаншалық қадірлегенін көрсететін ел арасында сақталған аңыз бар. Ол аңыздың мазмұнында жеті қат көкте жүретін құдіретті, қасиетті өлең әлемнің төрт бұрышын аралауға шыққанда қазақ даласының үстінен жер бауырлап өткен екен. Содан қазақ даласына ерекше дарығаны жөнінде айтылады», – дейді фольклортанушы А.А. Әбсадықов өзінің «Ауыз прозасының жанр түрлері» деген еңбегінде. (Әбсадықов А.А., 1994, 2 б.) Шынында да қазақ халқының бойына біткен ерекше дарын, бізге жеткен ауыз әдебиеті мұраларының молдығы кімді болсын таңдандырмай қоймайды.

Осы халық аузында ауызша түрде сақталып, ғасырдан ғасырға жеткен, ұрпақтан ұрпаққа құнды мұра болып қалған өлең-жырлардың тарихи маңызы – өз алдына зерттеуді қажет ететін мәселе. Ауыз әдебиетінің тарихи мәні туралы ғалым Ә. Марғұлан былай дейді:

«Ғасырлар бойы сахарада айтылып келген ертегі-жырды, аңызды, әңгімені ең алғаш шығарып таратқан көшпелі түркі тектес елдер. Олардың ішінде жұртшылық жүрегінен белгілі орын алып, тарихта көрнекті ат қалдырғандар үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғырлар, одан бергі оғыз бен қыпшақтар, қарлық, керей, наймандар еді. Бұл елдердің ішінде ұйғыр мен қырғыз жұрты болмаса, өзгесінің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан тараған рулардың көпшілігі бертін келе қазақ елінің іргесін құруға негіз болды. Сондықтан, бұл айтқан ескі рулар жасаған мәдениет бұйымының іздері де, соның ішінде халық жыры, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері, жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі сахараны үздіксіз қоныс еткен, олардың түбегейлі мұрагері қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталды» (Марғұлан Ә., 1985, 352 б.).

## 2. Талқылау.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдарымыздың бірі – М.Ғабдуллин лиро-эпостық жырлардың батырлар жырынан ерекшелігі туралы: «...батырлар жырының басты тақырыбы, күрделі әңгімесі – ел қорғау жайы болса, лиро-эпостық жырлардың одан біраз айырмашылығы бар сияқты. Ең алдымен, бұл алуандас жырлардың оқиғасы халықтың ертедегі жалпы әдет-ғұрпына, үйлену салтына байланысты туған. Онда көбінесе бір-біріне ғашық болған жұбайлар жайы, олардың қуанышы мен арман-мұны, қайғы-шері суреттеледі. Және де өткен заманда жастардың бас бостандығы болмағандығы, олардың арман-мүдделеріне жетуі, сүйгендеріне қосылуы жолында көптеген бөгеттердің кездескендігі, ол бөгеттерді жеңе алмай ауыр аза, зор қасіретке ұшырағандықтары жырға қосылады», – деген пікір білдіреді (Ғабдуллин М., 1974, 255 б.).

Лиро-эпос жырларының қай мезгілде пайда болғанын кесіп айту қиын. Өйткені олар кезінде қағазға түспеген және басқа да жөнді дерек сақталмаған, тек ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтумен ғана сақталып келген.

Оқиғасы кейінгі дәуірлерден алынған эпостық жырларының бірі – «Айман-Шолпан».

«Айман-Шолпан» жырының XIX ғасырда туғандығы туралы тұжырым көпшілік ғалымдарымыздың тарапынан айтылған екен. М. Әуезов жыр жөнінде: «Жырдың Көтібар, Есет сияқты кейіпкерлері өткен ғасырдың орта шенінде өмір сүрген адамдар екендігіне қарап дастан сол тұста немесе содан кейінгі кезеңде туған деп байлам жасауға болады», – дейді (Әуезов М., 1997, 45 б.). Сонымен қатар, М. Әуезов жырдың халық арасына көп таралуының сыры оның образдық-сюжеттік негізінің өмірден алынған шынайылығында, реалистік ерекшелігінде деп көрсетеді: «Көркемдік қасиеті жағынан қазақ эпосының үздік үлгілері саналатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» немесе «Қыз Жібек» жырындай болмағанымен, «Айман - Шолпан» - халық арасына ең көп таралған дастандардың бірі. Сірә, мұның сыры жырдың образдық-сюжеттік негізінің өмірден алынған шынайылығында, реалистік ерекшелігінде болса керек» (Әуезов М., 1997, 45 б.).

Әдебиетші - ғалым Қ.Жұмалиев «Айман - Шолпан» жырының оқиғасы Исатай мен Махамбет бастаған халық көтерілісінен кейін туған, – дейді. Ал филология ғылымдарының кандидаты Ә. Қоңыратбаев «Қазақ әдебиетінің тарихына» (Қоңыратбаев Ә., 1991, 207 б.) жазған еңбегінде бұл жырдың XIX ғасырдың орта шенінде туғандығын айтады. М. Ақынжановтың айтуына қарағанда, бұл жыр өткен ғасырдың екінші жартысының бас шенінде, яғни Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталған кезде, туған. Бұлардың қайсысы болса да жырдың нақтылы шыққан мезгілін дәлдеп айтпағанымен де, оқиғасы шындық өмірден алынғандығын анықтайды.

Жалпы жырдың туындау кезеңі XIX ғасыр деген тұжырыммен М. Ғабдуллин де келіседі. «Айман - Шолпан» халықтық жыр және ол XIX ғасырдың 70 жылдарында шығарылған секілді. Жырдың оқиғасы осы кездегі қазақ елінің тұрмысында, әлеуметтік-қоғамдық өмірінде болған жаңалықтарды суреттеу идеясынан туған деуге болады» – дей келе бұған бірнеше дәлелдер келтіріп кетеді.

Жырдың сюжеттік желісінде көрінетін әлеуметтік астар туралы 30-жылдары әдебиет алыптары М. Әуезов пен С. Мұқанов пікір таластырған. Бұл туралы С. Мұқанов: «Айман –

Шолпанда» үлкен бір жиында Маман деген байдың Көтібар батырды қорлағаны, оған ашуланған батырдың Маманның Айман мен Шолпан деген екі қызын тартып алумен бірге байды шауып кетуі сөз болады. Отызыншы жылдардың аяғында осы жыр төңірегінде марқұм М.Әуезовпен баспасөз бетінде пікір таластырғаным бар. Сонда, меніңше, Көтібардың қылығы рушылдық қара дүрсінділікке жатқанымен, оның негізінде әлеуметтік астар, яғни байдың қорлығына кедейдің қарсы қимылы бар. Мен әлі сол пікірдемін», – дейді. 1939 жылы жазылған «Жақсы сынға жан пида» атты пікір алысу ретінде жазылған мақаласында Мұхтар Әуезов С. Мұқановтың халық мұрасын игеруге байланысты «Айман–Шолпан» сценариіне айтқан сынына қарсы жауап айтып, ол сынның бірбеткей қияс кеткендігін атап көрсеткен еді.

Жырдың көркемдік ерекшеліктерін Ә. Қоңыратбаев және Ы. Дүйсенбаев жан-жақты зерттеген болатын.

Жырдың бізге жеткен нұсқасы мен жариялануы жөнінде ғалым Ы.Дүйсенбаев та: «Қазір бізге мәлім «Айман - Шолпан» жырының жалғыз ғана нұсқасы бар. Оның өзі революциядан бұрын бес рет басылып шыққан. Кейін осы нұсқа сол қалпында совет жылдарында да сан рет баспа жүзін көрді», – деген. (Дүйсенбаев Ы., 1973, 107 б.).

«Қазақ халық әдебиеті» деп аталатын зерттеуінде (баяндама) Х.Досмұхамедов халық әдебиетінің классификациясын 46 түрге топтастырып, біз қарастырып отырған жырды лирика-эпикалық сипатты тұрмыстық жырлар (бытовые поэмы) қатарына жатқызған: «Батырлық және тарихи поэмалармен қатар қазақ әдебиетінде лирика-эпикалық сипаттағы тұрмыстық жырлар да («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман - Шолпан», т.б.) бар. Бұл жырларға жеке бір адамдардың көңіл-күйі күйініш-сүйініші арқау болғанмен, сонымен қатар қазақтардың тұрмыс-тіршілігі де жан-жақты суреттеледі». (Досмұхамедұлы Х. Аламан, 1991, 27 б.).

Ал ғалым Ә. Қоңыратбаев жырдың жанрлық түрі туралы ойын:

«Айман – Шолпанның» жанрын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларына ұқсаған нағыз романтикалық-ғашықтық эпос үлгісі демесек те, Көтібарға олжа болатын қазақтың жазықсыз қыздары Айман мен Шолпан тағдырына қарап, оны лиро-эпосқа жатқызамыз. Өйткені жырдың бас тақырыбы қазақ қызының басындағы теңсіздік екенін аңғару қиын емес...», – деп түйіндейді.

«Тегі осы атына байланысты болса керек, біз «Айман - Шолпанды» лиро-эпос жанрына қосып, көптен бері зерттеп келдік.

«Айман - Шолпан» жырының оқиғасы бұлдыр замандарға кететін аңыздық-ертегілік сюжет емес. Оның оқиғасы ХІХ ғасырдың І жартысындағы қазақ өмірінің шындығынан алынған. Айман мен Шолпанды барымта жолымен олжалайтын Көтібар – тарихта болған адам. Көтібар, Есет, Бекет, Арыстандар ХІХ ғасырда шектінің ірі батырлары болған.

Көркемдік дегенді шығарманың бүкіл компоненттерінің бірлігінен, үйлесім-келісімінен іздеуіміз керек.

«Айман - Шолпан» – композициялық құрылысы, оқиғаны баяндауы жағынан өзіндік ерекшелігі бар жырдың бірі. Жырдың басты ерекшелігі – оқиғаны шиеленіскен тартысқа құруында. Оның қандай әңгімесін алсақ та үлкен тартысты көреміз. Мұның өзі жыр оқиғасын әрі қызықты, әрі әсерлі етеді. Көтібар мен Маман, Айман мен Көтібар, Теңге мен Айман арасындағы тартыс, қақтығысуларды суреттеу арқылы жыр оқиғасы дами түседі.

Екіншіден, жыршы ақын жағымсыз кейіпкерлерді суреттегенде, олардың мінездерін, іс-әрекеттерін күлкі, мазақ ете, сықақтай сипаттайды. Маманның байлығын айтып шірелуі, Көтібардың «батырмын» деп кеудесін соғуы – жырда ащы мысқыл, келекеге айналады.

«Жырдың құрылысы, бейнелер жасау әдісі, тіл ерекшеліктеріне тоқталсақ, ақын негізінде ескіден келе жатқан дәстүрден шықпаған, көп жерлерде де ескі жырдың түрін, диалог қолдану үлгілерін кеңінен пайдаланған. Сырт қарағанда кейіпкерлердің бейнелерін беруде де онша жаңалық бірден көзге түсе қоймайды. Әйткенмен үңіле түскендей болсақ, көптеген жаңалықтарды, ауыз әдебиетінен көп жерлерде қол үзіп, жазба әдебиетінің дәстүріне ауа

бастаушылықты немесе сол жазба үлгінің әдісіне бой ұрушылықты ап-айқын көреміз», – дейді жырдың көркемдік ерекшелігін терең зертеуші ғалымдарымыздың бірі Ы. Дүйсенбаев.

Жырдың құрылысы өте шебер жасалған. Оқиғаның басталуы, даму сатысы кемеліне жетіп барып, түпкі түйіннің шешілуіне дейін оқушыны жалықтырмай үнемі өзіне тартып, қызықтырып отырады.

Жырдың басталуы мен аяқталуында екі ұдай қайталама бар: 1) егес себебі алтындаған салтанатты ақ үйге таласудан басталса, кейін құда болған соң Маман бай сол Көтібарға алтын шатыр сыйлайды; 2) жену белгісі әңгіменің бас кезінде Көтібар батыр Маман байдың қорасында тұрып алып, екі қызға үйден тез шығындар деп өктемдік жасаса, кейін күш Мамандар жағында басым болған шақта, сондай астамшылықты Көтібардың өзі сезетін болады. Бұл екі қайталаудың екеуі де өте орынды, шебер қолданылған тәсіл.

Жырдағы қолданылған өлең өлшемі туралы зерттеушілер пікірі де бір жерден шығып жатады. Осы мәселеге орай Ә. Қоңыратбаев пен Ы. Дүйсенбаевтардың пікірлеріне жүгінер болсақ:

«Айман - Шолпан» жыры өзінің реалистік-сатиралық рухына қарай 11 буынды қара өлеңмен жырланған. Нарға жайдақ мінген екі қыздың сөзінде қайым элементі бар. Екі қыздың оңаша сөздері, Айманның ішкі ойлары кейде қара сөзбен берілген. Әлібек келетін жердегі сөздер 7–8 буындық жырмен айтылған. Жыр поэтикалық, көтеріңкі стильге тән өлшеумен шығарылған. Айманның азаттығы Әлібектің ерлігімен байланысты».

«Жыр негізінен он бір буын қара өлеңмен жазылған, тек үш жерде ғана жеті буынды жыр түрінде беріледі. Тілі таза, кітапшалау жоқтың қасы, ескірген сөздер де өте сирек кездеседі.

Көлемі шағын болса да бұл жырда эпикалық ұзақ туындыларда ұшырасатын, оқиғалардың арасын қарасөзбен жалғап отыру әдеті де бар. Мүмкін, бұл жағдай дастанның жолдары түгел сақталмай, ара-тұра түсіп қалудан да пайда болған шығар.

Жырдың сюжеті жұмыр боп келеді. Тартыс бас кейіпкер Айман тағдырына құрылған. Мысалы, жырдың басындағы Маман мен Көтібардың егесі сырт қарағанда оқиғаның байланысы сияқты. Расында егес, ас, бәйге – мұның бәрі жырдың экспозициясы ғана. Ол кезде Айман көрінбейді. Оқиғаның байланысы – Маман байды шауып алып, екі қыздың пенде болуы, дамуы – Шолпанның азаттық алуы, олжа бөлісі, шарықтау шегі - Әлібектің келуі, шешуі – екі елдің табысып, Әлібек пен Айманның қосылуы.

Әдеби туындының шеберлігін танытатын басты компоненттерінің бірі тіл дейтін болсақ, Шоқан қазақ әдебиетінің тазалығын мөлдір бұлаққа, сұлу табиғаттың өзіне теңеген екен.

«Қазақ әдебиеті дүниесінде, оның ішінде ауыз әдебиетінде эпостың, лиро-эпостың үлесі қомақты. Оның тілінің әдеби тілге, қазақтың ескі жазба тіліне, тіпті осы күнгі жазба әдеби тіліне қайнар көз болудағы орны да айырықша. Қазақ ауыз әдебиетінің (фольклордың) тілі әдеби сипат алған, белгілі бір сөз жұмсау нормаларын қалыптастырған, көркемдік-эстетикалық қуаты күшті тіл екенін зерттеушілеріміз баса көрсетеді». (Жұбанов Е., 1978, 112 б.).

Қазақ ауыз әдебиетінің мол үлгілерін жинап, оларды өзінің «Түркі халықтары әдебиетінің нұсқалары» деп аталатын көп томдық тарихи еңбегінде жариялаған академик В.В.Радлов былай жазады: «Сөз сұлулығына соншалықты рахаттанып, ләззат алатын халықтың шешен сөзге ең биік өнер ретінде қарайтыны өзінен өзі түсінікті. Сондықтан да киргиздарда (қазақтарда) халық поэзиясы дамудың ең жоғарғы сатысына жеткен. Қазақ-қырғыз шешен келеді; олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең болып құйылып жатады» (Жолдасбеков М., 1993, 297 б.).

Жыр халықтың таза сөйлеу тіліне негізделген. Сондықтан көпшілікке танымал әрі көркем. Оның тілінде ирониялық сөздермен қатар фольклорға тән «ақ Айман», «сұлу Шолпан», «ер Әлібек» дейтін тұрақты эпитеттер, әсіресе барыс жалғаулы ұйқастар мен етістік, баяндауыштар өте көп. Етістік сөздердің көп болуын жырдың реалистік сипатынан деп түсінген жөн.

Жыр мәтініне көз жүгіртер болсақ, оның өзіне ғана тән ерекшелігі барлығын да байқай аламыз. Бұл әсіресе, жырдың көркемдік кестелеріне немесе поэтикалық тіліне қатысты болып келеді. Басқа лиро-эпостық жырлардағыдай кейіпкерлер (әсіресе, арулар) бейнесінің кестелі сөздермен жасалған портреттерін көре алмаймыз.

Айманның қысқа портреті жырда бір-ақ жерде теңеумен берілген:

Айманның ақ мамықтай білегі бар.

Майысқан жез қармақтай сүйегі бар.

Поэмада қолданылатын негізгі әдіс – баяндау, монолог, диалог. Оқиғаны суреттеуде, кейіпкерлер образдарын жасауда пейзаж, портрет, суреттеу, жанама мінездеулер кездеспейді. Айманның ақ мамықтай білегі бар, Майысқан жез қармақтай сүйегі бар", – деген тәрізді жол арасында айтылған кейбір портреттік элементтер болмаса, айрықша тоқталып, сұлу қыздың портретін жасауға, не мінезін суреттеуге көңіл бөлінбейді.

Ал дегенмен поэмадағы негізгі образдар шебер жасалған. Көтібар, Айман, Арыстан - әрқайсысы өз ортасының мінез-құлық, іс-әрекетін танытатын адамдар.

Адам образын, мінездерін жекешелеп көрсету айрықша суреттелмесе де, қаһармандардың іс-амалы және сөздерінің (монолог, диалог) өзінен-ақ қаһарман мінезінің кейбір жақтары көрініп қалып отырады. Сәл нәрсеге байланып:

Алмасам тоқалдыққа Айманыңды,

Көтібар менің атым жерге кірсін! –

деген сөздердің өзінен-ақ Көтібардың ой-өрісі, мінезі, қандай адам екендігі байқалады, көп суреттеп жатуды керек етпейді. Топ алдында серттесіп, ел шауып, жесір алып, дандайсыған батыр үй тіктіріп қоямын деп озып кетсе де, Теңгенің шеңгеліне бүріліп, қарсы алуға да жарамай қалғандығы Айманның айтқан бір ауыз өлеңінен-ақ түсінікті. Оның үстіне бұл сөздерден қыздың ақыл-айласы да тамаша аңғарылады.

Айман қыз сөз сөйлейді ақылынан,

Кей адам бейнет тартар жақынынан,

Үйінен батыр неғып шықпай қалды

Жатыр ма батыр қорқып қатынынан.

Көркі кетіп, күші азайып, тілі ғана қалған шалды көк долы Теңгенің қалай бүретіндігін жақсы білетін Айман Көтібарды екі ауыз сөзбен-ақ тақырға отырғызып кетеді. Поэманың бір алуан ерекшелігі осы айтылған әдістермен байланысты.

Екінші ерекшелігі халықтық юмор, сатира элементтерінде деуге болады. Оқиға желісі, негізінде, нәзік юмор, сатираға құрылған. Көтібар да, Маман да әр жағдайда-ақ көп алдында күлкі болып қалып отырады.

Поэманың стиліндегі юморлық, сатиралық әдіс оның тіліне де әсер еткен. Поэмада ирония, сарказмдер жиі ұшырайды. Мысалы, Айман:

Базарда Теңге болсаң, бұл боларсың,

Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың.

Батырдың айтқан сөзі рас болса,

Қолыма су құятын күң боларсың, –

деп, Теңгенің есімін ажуалаудан бастап, сөзін астарлап қалжың, сықаққа айналдырады.

### **3. Қорытынды.**

Поэмада күні өтіп бара жатқан ескі мен жаңаның арасындағы тартыс сөз болады. Жастар бейнесі – халықтың ілгеріге ұмтылған ұрпағына үміт артқан, болашағына сенген арман көрінісі.

«Айман - Шолпан» дастаны қазақ халқының ғасырлар бойында жасаған ең қымбатты үлгілерінің бірі. Қашан да мұндай асыл үлгілер халық даналығынан туған өшпес мұра болып қала береді.

**Әдебиет тізімі**

- Әуезов М. Әдебиет туралы. – А.: «Санат», 1997. – 300 б.  
Әбсадықов А.А. Ауыз прозасының жанр түрлері. – Қостанай, 1994.  
Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – А., 1974. – 330 б.  
Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. – А.: «Ғылым», 1973. – 149 б.  
Досмұхамедұлы Х. Аламан. – А.: «Ана тілі», 1991. – 176 б.  
Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – А., 1978.  
Жолдасбеков М. Асыл арналар. – А.: «Жазушы», 1993. – 348 б.  
Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – А.: «Ана тілі», 1991.  
Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – А.: «Жазушы», 1985. – 368 б.  
Уәлиханов Ш. Тандамалы. – А., 1985.